

«Келісілді»

Облыстық жедел медициналық
жәрдем станциясы бастауыш
кәсіподақ ұйымының
төрағасы Б. Сейсенбеков
«___» 2019 ж



«Бекітемін»

Облыстық жедел медициналық
жәрдем станциясы
бас дәрігері М.Мархашов
«___» 2019 ж



Түркістан облысы қоғамдық денсаулық басқармасының шаруашылық жүргізу
құқығындағы «Облыстық жедел медициналық жәрдем станциясы» мемлекеттік
коммуналдық кәсіпорнының ақылы қызмет көрсетуі туралы

Ережесі

1. Жалпы ережелер

1. Осы Ереже Түркістан облысы қоғамдық денсаулық басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Облыстық жедел медициналық жәрдем станциясы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының (бұдан әрі - Жедел жәрдем станциясы - ОЖМЖС) ақылы қызмет көрсету тәртібін анықтайды.

2. Ақылы қызмет:

1) «Денсаулық сақтау ұйымдарында ақылы қызметтер көрсету қағидалары мен шарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 30 сәуірдегі № 304 бұйрығы;

2) Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» 2011 жылғы 1 наурыздағы №413-IV Заңына сәйкес жүргізіледі.

3. Жедел жәрдем станциясы жеке және заңды тұлғалар өтініш жасаған сәттен бастап, оларға ақылы қызметтердің уақытылы әрі сапалы көрсетілуіне Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте жауап береді.

Ақылы қызметтер Қазақстан Республикасының азаматтарына және шетелдіктерге және азаматтығы жоқ тұлғаларға, олардың тұрғылықты жеріне қарамастан көрсетіледі.

4. Ақылы қызметтер - тегін медициналық көмектің кепілді көлемі (бұдан әрі - ТМККК) тізбесіне кірмейтін және Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған халықтың жеке қаражаты, жұмыс берушінің қаражаты есебінен, басқа да көздерден төленетін қызметтер.

5. Жеке және заңды тұлғалардың өтініштері бойынша медициналық көмек жүргізу үшін, олар қаражатпен қамтамасыз етеді және Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте барлық қажет құжаттаманы ұсынады.

2. Қызметтердің бағасы және есеп айырысу